

«Нархоз Университеті» АҚ

ӘОЖ 338:378 (574)

Қолжазба құқығында

**АДАЕВА НАЗЫКУЛЬ АМАНБЕКОВНА**

**Қазақстан Республикасындағы инклюзивтік білім беруді басқару  
механизмін дамыту**

6D050700-Менеджмент

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:  
Э.Ф.Д., профессор Саткалиева Т.С.  
PhD докторы, профессор Мачадо К.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2018

## **МАЗМҰНЫ**

|  |            |
|--|------------|
| <b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>   | <b>3</b>   |
| <b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>  | <b>5</b>   |
| <b>КІРІСПЕ.....</b>  | <b>6</b>   |
| <b>1 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....</b>                               | <b>12</b>  |
| 1.1 Инклюзивті білім берудің мәні және объективті қажеттілігі.....                                   | 12         |
| 1.2 Инклюзивті білім берудің басқару механизмынан мазмұны мен құрылымы.....                          | 25         |
| 1.3 Инклюзивті білім берудің халықаралық және отандық нормативті –құқықтық базасының эволюциясы..... | 39         |
| <br>Бірінші бөлім бойынша тұжырымдар   | <br>48     |
| <b>2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫ ТАЛДАУ.....</b>                      | <b>49</b>  |
| 2.1 Инклюзивті білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды талдау.....                                  | 49         |
| 2.2 ҚР инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы мен даму тенденцияларын талдау.....                  | 61         |
| 2.3 Инклюзивті білім беруге әсер ететін факторлар мен кедергілерді анықтау.....                      | 71         |
| <br>Екінші бөлім бойынша тұжырымдар  | <br>87     |
| <b>3 ҚАЗАҚСТАНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ БАСҚАРУДЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ.....</b>                           | <b>88</b>  |
| 3.1. Инклюзивті білім берудің басқару механизмдерін жетілдірудің басымды бағыттары.....              | 88         |
| 3.2. Инклюзивті білім берудің қолдау және дамытудағы мемлекеттік-жекеменшіктік әріптестік ролі.....  | 104        |
| 3.3 Казақстан Республикасыдағы білім беру саласын қаржыландырудың болжамы .....                      | 117        |
| <br>Үшінші бөлім бойынша тұжырымдар  | <br>125    |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>  | <b>126</b> |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>  | <b>129</b> |
| <b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>   | <b>138</b> |

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 III Заңы (15 сәуір 2016 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген )

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік» бағдарламасы

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 20 ақпандығы № 288-V «Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Заңы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «2017 – 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 729 қаулысында

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін»

Закон Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года № 39-III «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию 03.12.2015 г.

Саламанская декларация и рамки действий по образованию лиц с особыми потребностями, принятые Всемирной конференцией по образованию лиц с особыми потребностями: доступ и качество, Саламанка, Испания, 7-10 июня 1994 года

«Всеобщая декларация прав человека», Принята резолюцией 217A Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года

Декларация о правах умственно отсталых лиц (утверждена Резолюцией 2856 Генеральной Ассамблеи ООН от 20 декабря 1971 года)

«Декларация о правах инвалидов», утвержденная Резолюцией 3447 Генеральной Ассамблеи ООН от 9 декабря 1975 года

Конвенция о правах инвалидов (принята резолюцией 61/106 Генеральной Ассамблеи от 13 декабря 2006 года)

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы (09.04.2016 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы

Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V Заңы «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (16.11.2015 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 17 мамырындағы № 499 Қаулысы «Жалпы білім беру үйымдарының қызметінің үлгілік ережесі» (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта)

Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылдарға арналған инклюзивті білім беру жүйесін дамыту бойынша іс-шаралар кешені Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілді (19.12.2014 жылғы №534)

Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 1 маусымында қабылдаған «Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдемесі»

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылдың 12 желтоқсанында №524 Бұйрығымен бекітілген «Мүмкіндігі шектеулі балаларды психолого-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсныымдар»

О государственно-частном партнерстве Закон Республики Казахстан от 31.10.2015 года №379-V ЗРК

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы қабылдаған «Мемлекеттік статистика туралы» Заны (29.10.2015 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» № 482-V Заны

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

|        |   |
|--------|---|
| ИББ    | – инклюзивті білім беру                                     |
| ДМШ    | – даму мүмкіндігі шектеулі                                  |
| ЕБҚ    | – ерекше білім беру қажеттілігі                             |
| БжFM   | – Білім және Ғылым Министрлігі                              |
| БҰҰ    | – Біріккен Ұлттар Ұйымы                                     |
| ҚР     | – Қазақстан Республикасы                                    |
| ПМПК   | – психологиялық-медицинская-педагогикалық кеңес             |
| АКТ    | – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар                  |
| АҚШ    | – Америка Құрама Штаттары                                   |
| МӘСК   | – медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы               |
| ДМ     | – деңсаулық сақтау Министрлігі                              |
| ЕХӘҚМ  | – еңбек және халықты әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі   |
| ЖОО    | – жоғарғы оқу орындары                                      |
| ҚазҰПУ | – Қазақ Ұлттық педагогикалық университет                    |
| ОЖЖ    | – оналтудың жеке жоспары                                    |
| МӘС    | – медициналық-әлеуметтік сараптама                          |
| ЖІӨ    | – жалпы ішкі өнім   |
| ЭЫДҰ   | – экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы                |
| ТПҰФО  | – түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы |
| НЖҚ    | – нормативтік-жан басына шаққандағы қаржыландыру            |
| МЖӘ    | – мемлекеттік-жекеменшік әріптестік                         |
| ТжКБ   | – техникалық және кәсіптік білім                            |
| СК     | – салық Кодексі   |
| YEҰ    | – үкіметтік емес ұйымдар                                    |
| КММ    | – коммуналдық мемлекеттік мекеме                            |
| ММ     | – мемлекеттік мекеме  |

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуінің жетістігі, көбіне, мемлекеттің әлеуметтік бағдарлануымен, яғни адам әлеуетінің даму деңгейімен және сапасымен байланысты. Әр түрлі әлеуметтік топтар мен санаттарға арналған әр түрлі әлеуметтік игіліктер мен мінез-құлық стратегияларының тәң қолжетімділігі қазіргі Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы үшін индикатор болып табылады. Мемлекеттің негізгі заңында былай деп көрсетілген: «Қазақстан Республикасы – адамның лайықты өмір сүруі мен еркін дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасауға бағытталған саясатты ұстанатын әлеуметтік мемлекет». Сондай-ақ білім беру және басқа да әлеуметтік игіліктерге тәң қолжетімділікті қамтамасыз етеді: «Мемлекет жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, тегіне, мұліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, нағымдарына, қоғамдық бірлестіктерге тиесілігіне, сондай-ақ басқа да жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндігінің тенденцияне кепілдік береді» [1]. Алайда іс жүзінде бұл постулаттар, көбіне лайықты деңгейде ықпал етпейді: жекелеген әлеуметтік санаттарға қатысты кемсітушілік тәжірибелер әлі де кездеседі және Қазақстанда азаматтық қоғамды қалыптастыру және адам әлеуетін дамыту үшін күрделі проблемалар туындалады. Осындай әлеуметтік санаттардың біріне объективті мүмкіндіктері жоқ және көбіне қоғамда өздігінен тиімді қызмет атқара алмайтын мүгедектер мен даму мүмкіндіктері шектеулі адамдар жатады.

Мүгедектер мен ДМШ тұлғалардың инклузивті білім алуы – бұл осы әлеуметтік топты қоғамға біріктірудің әлеуметтік тетіктерінің бірі. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, ДМШ білім алушылар үшін интеграциялық мүмкіндіктерді кеңейтумен қатар, инклузивті білім беру өзінің заманауи интерпретациясында белгілі бір кедергілерді жасайды: мүгедек және ДМШ білім алушылар өздерінің қатарластары, олардың ата-аналары, мұғалімдер тарапынан кемсітушілікке, түсінбеушілікке жиі үшінрайды. Қоғамның инклузияға дайындық дәрежесі оның субъектілерінің инклузивті мінез-құлқында сол сияқты инклузивті қоғамдық санада көрінеді. Қоғамның инклузияға дайындығының жоғары деңгейі инклузивті білім беруді ойдағыдай жүзеге асыру мүмкіндігін және мүгедектер мен ДМШ тұлғалардың өз өмірлерінің сапасын жақсарту үшін қоғамның дайындығын жоғары дәрежесі айтарлықтай жақсартуға мүмкіндіктерін арттырады, жалпы алғанда қоғамды ізгіліктендіруге ықпал етеді.

Инклузивтілік, яғни мүмкіндіктері шектеулі адамдардың жоғары сапалы білім алуларына тәң мүмкіндіктер беру – Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру туралы тұжырымдамадасында жарияланған алты қағиданың бірі [2]. Инклузивтілік қоғамдағы өзара сенім деңгейін арттырады, болашакқа сенімділік, қорғаныс сезімін береді, сондай-ақ экономикалық дағдарыс кезеңінде қоғамның бірігіп нығаю дәрежесін арттырады. 2015 жылы 20 ақпанда Қазақстан Республикасы бекіткен «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенцияның 24-бабының 5-тармағында көрсетілгендей [3], мүгедек тұлғалардың жалпы білім алуына кемсітусіз және басқа адамдармен тән

дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз ету олардың кәсіби біліктілігін арттырудың және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Осы қағидаға сәйкес, осы санаттағы адамдарға қатысты басты көзқарас «мемлекеттің қамкорлығы емес, керісінше, өздерінің әлеуметтік пайдалы жұмыс жасай алатындықтарына сенім артуға көмектесетін осындай жағдайларды жасау болып табылады» [4]. Дамуда проблемалары бар адамдарға мүгедектердің әлеуметтік мәртебесін көтерудің және олардың еңбек нарығындағы сұраныс деңгейін арттудың тиімді тетіктерінің бірі ретінде қарастырылатын білім алу мүмкіндіктерін беру осындай жағдайлардың бірі болып табылады. Сондықтан білім беру жүйесінде бүгінгі күнге дейін даму мүмкіндіктері шектеулі білім алушылардың білім алуға кедергісіз қол жеткізу үшін тең жағдайлар жасаумен байланысты елеулі өзгерістер болып жатыр.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, инклузивті білім беруге жағдай жасаған мектептердің санын 2018 жылы – 60 %, 2019 жылы – 70 % жеткізу, ал тең жағдайлар жасайтын және кедергісіз ортаға қол жеткізуді қамтамасыз ететін жоғары оқу орындарының үлесі 2018 жылы 25%-ды, ал 2019 жылы – 100%-ды құрайтындығы көзделіп отыр [5]. Сонымен қатар, білім беру саласындағы мүгедек білім алушыларға қатысты негізгі міндет шешіліп жатыр – ол мамандарды кәсіби даярлаудың деңгейі мен мазмұнын төмендетпей, «даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуы, дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу үшін ерекше жағдайларды қамтамасыз ету» [6]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім алудың арнайы шарттарына мыналар жатады: арнайы білім беру бағдарламалары және оқыту әдістері; техникалық және өзге де құралдар; тіршілік ету ортасы; медициналық, әлеуметтік және басқа қызметтер, оларсыз ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың жалпы білім беру және оқыту бағдарламаларын менгеруі мүмкін емес.

Тек Қазақстан үшін ғана емес, сонымен қатар әлемдік білім беру үшін де заманауи болып табылатын өзекті мәселе – білім беру үдерісіне қатысуышылардың барлығының, соның ішінде ДМШ тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау. Бұл күрделі мәселе, тіпті инклузивті білім беру үдерісінде көшбасшы болып табылатын елдердің өзінде керемет шешімін тауып жатқан жоқ. Шын мәнінде, білім беру саласындағы инклузивті үдерістерді қүшейтуге қарамастан, барлық елдерде тек қана түзету бағытында жұмыс жасайтын мекемелер әлі де болса қалып отыр. ДМШ жандарды жалпы білім беру жүйесіне интеграциялаудағы сәтсіздіктердің бұл үдерісті тоқтата алмағандығын, керісінше, мемлекеттер мен әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің үкіметтері білім беру жүйесіндегі интеграциялық үдерістерді қабылданған құқықтық актілерге сәйкес мақсатты және тиімді жетілдіруді қолға алғандығын атап өту маңызды.

**Тақырыптың зерттелу дәрежесі.** Инклузивтік білім берудің теориясы бойынша қазіргі заманғы отандық және шетелдік ғалымдар мен мамандардың іргелі және қолданбалы зерттеулері, ғылыми еңбектері құрайды:

– деңсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдарға білім беру жүйесіндегі

зерттеулерге Аксенова Л.И., Архипов Б.А., Белякова Л.И., Александрова Е.А., Варенова Т.В., Волосовец Т.В., Выготский Л.С., Гаврикова Л.П., Кремер О.Б., Дробинская А.О., Жданова М.А., Казакова Е.И., Малофеев Н.Н., Старобина Е.М., Слободчиков В.И., Шевченко С.Г., Шипицына Л.М. сынды ғалымдардың енбектері кіреді ;

– Carter E.W., Hughes C., Avramidis E., Elias E, И.И. Лошакова, Е.Р. Ярская-Смирнова, Леонгард Э.И., Малофеев, Н.Н., В.В. Хитрюк сияқты ғалымдардың енбектері даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға инклузивті білім беруді енгізуге арналған ; инклузивті білім беруді басқарушылық тұрғыдан қарастыруға ресейлік Кондратьева С.И. зерттеулерін жатқызуға болады

Елімізде инклузивті білім беру тәжірибесін енгізудің және оның нормативтік-құқықтық негіздерін жасаудың басында профессор Р.А.Сулейменова тұрды. Бұл идеяның дамуына, инклузивті білім беру жағдайында жұмыс жасайтын кадрларды даярлау мәселелерін қарастыруға профессор З.А.Мовкебаевың зерттеулері көп ықпалын тигізді. Алайда, Қазақстанда әлі күнге дейін инклузивті білім беруді басқару мәселелері бойынша іргелі кешенді зерттеулердің жүргізілмегендігін айта кеткен жөн. Даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қоғамның шынайы өміріне араластыру мәселесі бүкіл әлемде өзекті болып табылады, ал бұл осы тақырыпқа қатысты теориялық және практикалық зерттеулер жүргізу қажеттігін айғақтап отыр.

Сонымен, зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстанда инклузивті білім беруді басқаруды дамыту қажеттігінен келіп туындаиды. Теорияны терендету, ғылыми, теориялық, сондай-ақ практикалық тәжірибелі ұсыныстарды әзірлеу. Алға қойған мақсатты орындау үшін диссертациялық жұмыста **төмендегідей міндеттер** анықталды:

- инклузивті білім беруді басқару жүйесіне, оның құрылымы мен басқару механизміне кешенді талдау жүргізу;
- инклузивті білім берудің қалыптасуының отандық және шетелдік тәжіибесінің дамуын зерттеу негізінде Қазақстандағы инклузивті ортаны мемлекеттік реттеу жүйесінің қазіргі жағдайын диагностикалау;
- инклузивті білім беруді басқару үдерісіне кедергі болатын факторларды әр түрлі басқару деңгейлеріне топтастыру және олардың әсерін анықтау;
- инклузивті білім беруді басқарудың жүйелік үлгісінің негізгі компоненттерін бөліп көрсету және сипаттау, білім беру саласының қаржылық әлеуетін қалыптастырудың экономикалық-математикалық моделін жасау;
- инклузивті білім беруді басқару механизмін жаңғыртудың басым бағыттарын негіздеу, әлеуметтік ауқымды кеңістік аясында инклузивті ортаны дамыту және оған қолдау көрсетудегі мемлекеттік және жекеменшік секторлар

арасындағы өзара байланысты анықтау.

**Зерттеу объектісі** Қазақстан Республикасының инклюзивті білім беру жүйесінің шаруашылық субъектілері болып табылады.

**Зерттеу пәнін** республиканың инклюзивті білім беруді басқару жүйесінде қалыптасқан ұйымдастырушылық-экономикалық қарым-қатынастар жиынтығы құрайды.

**Зерттеу жұмыстың жорамалы:** инклюзивті білім беру жүйесінде басқару механизмінің дамуы мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өмірге белсенді тартуға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің әдіснамасы мен әдістері.** Отандық және шетелдік ғалым-экономистердің инклюзивті білім беруді басқаруды дамыту мәселелері туралы еңбектерінде айтылған негізгі қағидалар мен заңдылықтар диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізін құрады. Диссертацияда инклюзивті білім беруді басқару механизмін дамыту проблемаларына қатысты әдіс-тәсілдерді негіздеу, оның қалыптасу ерекшеліктері мен үрдістерін зерттеу саласындағы әлемдік экономикалық тұжырымдардың жетістіктерін қорытындылайтын еңбектер кеңінен қолданылған. Зерттеу әдістемесі әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың мәнін танудың диалектикалық әдісін пайдалануға негізделеді. Диссертациялық жұмыста экономикалық зерттеулердің жалпы ғылыми әдістері мен тәсілдері қолданылды: талдау және синтездеу, ғылыми таксономия, салыстыру және қорытындылау, мамандардың әлеуметтік сауалнамаларын саралау, экономикалық-математикалық модельдеу, ақпаратты статистикалық өндеу, стратегиялық талдау құралдары.

**Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде** Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми мәліметтері, КР Президентінің жарлықтары мен бағдарламалары, әр түрлі министрліктер мен ведомстволардың, соның ішінде БжФМ-нің құжаттары, Біріккен Ұлттар Ұйымының және адамзат дамуының мәселелерін зерттейтін басқа да Халықаралық ұйымдардың ғаламтор желісіндегі ресми сайттарынан алынған мәліметтері, мерзімдік баспасөз материалдары қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің **ғылыми жаңалығы** Қазақстан Республикасында алғаш рет инклюзивті білім беруді басқару механизмінің қалыптасуы мен дамуының ғылыми тәсілдерінің мемлекет пен бизнестің өзара әрекет ету ерекшеліктерін есепке ала отырып негізделуі.

Зерттеу жүргізу барысында келесідей біршама маңызды нәтижелер алынды:

- теориялық тәсілдер қорытындыланды, олардың негізінде «инклюзивті білім беруді басқару» түсінігіне авторлық анықтама берілді;
- инклюзивті білім беруді басқару механизмінің мәні мен құрылымы анықталды, объектінің ерекшелігін ескере отырып, экономикалық тетіктердің ролін күшейту жөніндегі авторлық ұстаным дәйектелді;
- басқарудың әр түрлі деңгейлерінде инклюзивті ортаны дамыту проблемаларын анықтауға мүмкіндік беретін факторлар жіктелімі әзірленді;
- Қазақстандағы инклюзивті білім беруді мемлекеттік реттеуге қолдау

көрсетудің әлеуметтік шаралары мен қаржылық құрамдас бөлігін күшейтуді көздейтін инклузивті білім беруді басқару механизмін жетілдірудің негізгі бағыттары ұсынылды.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

- «инклузивті білім беруді басқару» түсінігі негізінде әлеуметтендіру қағидасы жатқан авторлық анықтама;
- инклузивті білім беруді басқару механизміндегі қағидалардың, әдістердің, құралдар мен функциялардың құрылымдық-қисындық тізбегін қалыптастыру туралы авторлық көзкарас;
- әлеуметтік-экономикалық факторлардың инклузивті білім беруді дамытуға тигізетін әсерлерінің экономикалық-математикалық үлгісі, бұл үлгіні қолдану қаржылық қолдау көрсету негізінде оның дамуына болжам жасау;
- инклузивті білім беруді басқару механизмін жаңғыртудың стратегиялық басымдықтары және Қазақстан Республикасының инклузивті ортасында мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту үлгісі.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы** инклузивті білім беруді басқару механизмін жаңғырту мен дамытуда, мемлекеттік реттеу нысандарын, әдістері мен үлгілерін жетілдіретін тәсілдерді әзірлеуде жатқан инклузивті білім беруді басқару жүйесін қалыптастырудың әдіснамалық тәсілдерін терендедүде.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының инклузивті саласында мемлекеттік реттеу шараларын күшайткен кездегі инклузивті білім беруді басқарудың тиімді жүйесін қалыптастырудың басым міндеттерін шешуге бағытталған. Диссертациялық зерттеудің материалдары инклузивті білім беруді басқару механизмі, оның әдістері, құралдары және қазіргі кезеңдегі жағдайда ықпал ету тетіктері туралы барынша терең түсінік береді.

**Диссертацияның тәжірибелік маңыздылығы** Қазақстандағы қоғамды әлеуметтік үйлестіруді күшайтетін экономикалық-математикалық модельдеу негізінде инклузивті білім беруді мемлекеттік реттеу нысандарын жетілдіру жөніндегі нақты ұсыныстар мен ұсынымдар болып табылады. Әзірленген және негізделген ұсыныстар инклузивті білім беруді дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеген кезде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және денсаулық сактау мәселелерін шешу барысында мемлекеттік басқару органдарында пайдаланылуы мүмкін. Инклузивті білім беруді басқару механизмін қалыптастыру жөніндегі ұсынысты республикалық және жергілікті заңнамалық актілер мен нормативтерді әзірлеген кезде, әсіресе, КР «Ерекше оқыту қажеттіліктері бар тұлғаларға инклузивті білім беру туралы» Заңын дайындау барысында пайдалануға болады.

Инклузивті білім беруді басқару механизмін жетілдірудің әзірленген басым бағыттары білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытуудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», соның ішінде Қазақстан экономикасының тұрақты өсүі үшін адам капиталын дамыту тарауында қарастырылған іс-шаралардың жүзеге асырылуына ықпал етуі

мүмкін. Сонымен қатар, ұсынылған ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында инклузивтік білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» бағдарламасын жүзеге асыру барысында пайдалануға болады.

Диссертацияда ұсынылған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік үлгісі стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын күшайте отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» № 729 бұйрығын жүзеге асырудың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері инклузивті білім беруді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында «Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ (2018 жылғы 06 қыркүйектегі № 01-2-3/792 диссертациялық зерттеудің нәтижелерін, қорытындылары мен қағидаларын енгізу туралы акт), сондай-ақ «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ (2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 28-28/1626 енгізу туралы анықтама) қызметінде пайдаланылды.

**Диссертациялық жұмыстың нәтижелерінің талқылануы.** Жұмыстың нәтижелері келесідей халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды: «Проблемы развития современной экономики» тақырыбындағы VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Ставрополь, Ресей, «Перспективные разработки науки и техники: материалы XII Международной научно-практической конференции», Прага, «Интеграция казахстанской науки в международное научно-образовательное пространство» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Алматы қаласы, Нархоз Университеті, III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция: «Білім берудегі инновация: ізденіс және шешім», Астана, ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясы, «Тәуелсіздіктің 25 жылында Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуы: тарихы, жетістіктері, жаңа ұмтылыстары» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Астана қаласы, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті.

**Жарияланымдар.** Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері жалпы көлемі 5,87 баспа парақ болатын 9 еңбекте көрсетілген, соның ішінде 1 мақала SCOPUS базасындағы журналда және 3 мақала ҚР БФМ БГСБК ұсынылған басылымдарда жарияланды.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.